



БҰЙРЫҚ

29 ақпан 2016 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 164

город Астана

**2016 жылға арналған
оралмандар мен қоныс
аударушыларды қабылдаудың
өңірлік квотасын бөлу туралы**

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-4) тармақшасына және «2016 жылға арналған оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 82 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасын облыстар арасында бөлу;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын облыстар арасында бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті:

1) осы бұйрықты жұмыста басшылыққа алу үшін облыстар мен Астана, Алматы қалалары әкімдіктерінің назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы ____
№ бұйрығына
1-қосымша

**2016 жылға арналған оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасын
облыстар арасында бөлу**

Р/с №	Облыстардың атауы	Оралмандардың саны
1	Ақмола	123
2	Атырау	28
3	Шығыс Қазақстан	260
4	Батыс Қазақстан	29
5	Костанай	21
6	Павлодар	690
7	Солтүстік Қазақстан	108
Жиыны:		1259

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2016 жылғы _____
№ _____ бұйрығына
2-қосымша

**2016 жылға арналған қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік
квотасын облыстар арасында бөлу**

Р/с №	Облыстардың атауы	Қоныс аударушылардың саны
1	Шығыс Қазақстан	40
2	Костанай	22
3	Павлодар	300
4	Солтүстік Қазақстан	101
Жиыны:		463